

Ақтау қала әкімі орынбасарының қатысуымен өткізілген жиналыстың ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

23.09.2013ж.

Төраға: қала әкімі орынбасары **Р.Т. Елтизаров**

Қатысқандар: С.Құрманбаев, Н.Құрманбаева, Ж.Тоқбаева, А.Қамысбаев,
С.Задинова

Хатшы: мектепке дейінгі мекемелер жөніндегі бас маман А.Байшаханова

Күн тәртібі:

1.Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын орындау мақсатында, мектепке дейінгі жеке ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру мәселесі.

Тыңдалды:

Ақтау қалалық білім бөлімі басшысының м.а. (Н. Құрманбаев) Ақтау қалалық мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдарда мемлекеттік білім тапсырысын орналастыру мәселесі бойынша баяндады, олар:

1. Ақтау қаласындағы Шығыс-3, 23 үй мекен-жайы бойынша орналасқан балабақшасына «Балбөбек» 60 балаға, «Дарын» мектеп-бақша гимназиясы мекемесіне 25 балаға республикалық бюджеттен қаражат бөлу.

Сөз сөйлегендер:

1. Ақтау қаласындағы Шығыс-3, 23 үй мекен-жайы бойынша орналасқан «Балбөбек» балабақшасының директоры (А.Қамысбаев) 2013-2014 оқу жылына «Балапан» мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында 60 балаға республикалық бюджеттен қаражат бөлу жөнінде баяндады.

2. Ақтау қаласындағы «Дарын» мектеп бақша гимназиясының директоры (С.Задинова) «Дарын» мектеп-бақша гимназиясының мектеп сыныптарының қысқартылуына байланысты қосымша 25 балаға республикалық бюджеттен қаражат бөлу жөнінде хабарлама жасады.

3. Ақтау қалалық білім бөлімі басшысының м.а. (Н.Құрманбаев) балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету бағытында атқарылап жатқан жұмыстар туралы айта келе, жоғарыда аталған жекеменшік білім беру ұйымдарында бала санын көбейтуге бағытталған жұмыстарының күнтізбелік жағдай екенін баяндады.

Қаулы етті:


1. Ақтау қаласындағы Шығыс -3, 23 үй мекен-жайы бойынша орналасқан «Балбөбек» балабақшасына 60 балаға, Ақтау қаласындағы «Дарын» мектеп-бақша гимназиясына 25 балаға республикалық бюджеттен қаражат бөлуге келісім-шарт жасақталсын.

2. Қаржыландыру 2013 жылдың 25 қыркүйек айынан бастап жүргізілсін.

3. Осы тапсырмалардың және хаттаманың орындалысын бақылау қалалық білім бөлімі басшысының м.а. Н.С. Құрманбаевқа жүктелсін.

Төраға


Хатшы




Р. Елтизаров

А.Байшаханова

Қатысқандар:

Н. Құрманбаев 

Н. Құрманбаева 

Ж. Токбаева _____